

2013 жылы ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 140 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қазанда № 4230 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. 2013 жылы ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессиясының төрайымы

С. Руденко

Ұ з ы н к ө л а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

В. Вербовой

КЕЛІСІЛДІ:

*"Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

Ү. Наурызбаева

*"Ұзынкөл ауданының экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

Н. Әбдірахманова